



QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 18 – 25 қазан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2019 жылғы 28 қазан

25 қазандағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптада 0,3%-ға нығайып (389,99-дан), бір АҚШ доллары үшін 388.87 теңге деңгейінде қалыптасты. Сыртқы валюта нарығында 2019 жылғы 18 – 25 қазан аралығындағы кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды.

Ұлыбритания Еуропалық Одақтан шығуды қазанның соңындағы аяқталу мерзімінен тағы бір тоқсанға кейінге қалдыруды сұрады. АҚШ Президенті Д.Трамп Қытаймен сауда-саттық мәмілесі бойынша келіссөздер барысына оң баға берді, ал АҚШ-тың Сауда өкілдігі АҚШ пен Қытай арасындағы келісім жасау соңғы сатысында тұрғанын мәлімдеді. АҚШ-та корпоративтік есептілік кезеңі өтуде, атап айтқанда Amazon, Twitter және Ebay компаниялары үшінші тоқсанда таза пайданың төмендеуін көрсетті, ал Microsoft пайданың өсуі жөнінде есеп берді.



АҚШ долларының индексі дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда 0,56%-ға нығайуын көрсетті.



Дамушы елдердің валюталарының¹ АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:

- **Бразилия реалы** Бразилия Сенатының зейнетақы реформасы бойынша заң жобасын мақұлдауы аясында 2,4%-ға (4,11 –ден 4,01-ге дейін) нығайды, ол он жыл ішінде шамамен 800 миллиард реал (198 миллиард доллар) үнемдеуге, сондай-ақ қарашада үкіметтің еңбек нарығын ынталандыру бойынша шаралар жариялауына мүмкіндік береді;
- **Оңтүстік Африка ранды** соңғы апталарда аукциондарда қазынашылық қағаздарға сұраныстың өсуі және бейрезиденттердің рекордтық сатып алулары аясында 1,1%-ға (14,79-дан 14,63-ке дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** оппозициялық партия көшбасшысының Қаржы министрі лауазымына қайтадан тағайындалуы және белгілі бизнесмендердің Индонезия президенті Джоко Видодоның командасына қосылатыны туралы ақпараттың аясында 0,8%-ға (14148-ден 14038-ге дейін) нығайды. Бұған қосымша Индонезия Банкінің атқарушы директоры ОБ нарықтық тетіктерге сәйкес рупияны нығайтуға мүмкіндік беретіні мәлімделді;
- **түрік лирасы** Түркияның Сириядағы әскери қимылдарды тоқтату бойынша уағдаластықты сақтауына байланысты АҚШ-тың бұрын енгізген санкциясының күшінің жойылуы аясында 0,3%-ға (5,79–дан 5,77-ге дейін) нығайды;

¹АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

- **Мексика песосы** Сыртқы істер министрінің USMCA келісімі бойынша мәміленің бірнеше ай ішінде мақұлдануы мүмкін екендігі туралы хабардың және тамызда бөлшек сауданың өсуі бойынша деректердің шығуы аясында 0,2%-ға (63,67-ден 63,88-ге дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** РФ ОБ-нің негізгі мөлшерлемені 50 базистік тармаққа төмендетуінен және инфляцияның 4%-дық таргеттелетін деңгейден төмендеуін күту аясында оның кейіннен төмендеу нұсқаларын қарау туралы хабарлауы аясында 0,3%-ға (63,67-ден 63,88-ге дейін) әлсіреді.





Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz